

Дәріс №4. Болмыс. Онтология және метафизика

Оқыту әдістері/дәріс түрі: Ауызша, презентация, глоссарий

Оқытудың техникалық құралдары, көрнекі құралдар: интерактивті тақта, проектор
сызба – кестелер, бейнефильм

Дәрістің оқыту нәтижелері

ПОН 1- философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау; болмысты философиялық түсінудің ерекшеліктерін түсіндіру; дүниетанымды табиғи және әлеуметтік дүниені философиялық рефлексия мен зерттеудің өнімі ретінде негіздеу; дүниені ғылыми-философиялық танудың әдістерін жіктеу.

ПОН 4- қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің моральдық

ПОН 3-мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен ерекше белгілерін түсіндіру; қазіргі әлемдегі адамның әлеуметтік және жеке болмысының құндылықтары ретіндегі негізгі дүниетанымдық концепциялардың рөлі мен маңызын негіздеу.

ұстанымын тұжырымдау және сауатты дәлелдеу; кәсіптік саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтауға және нәтижелерін талқылауға ұсынуға маңызы бар зерттеулер жүргізу

Дәрістің мазмұны (жоспары)

1. Болмыс – онтологияның орталық категориясы
2. Болмыстың негізгі түрлері.
3. Материя туралы философиядағы және ғылымдағы түсініктердің эволюциясы.
4. Қозғалыстың негізгі түрлері. Кеңістік пен уақыт – материяның атрибуттары.
5. Метафизика. Метафизиканың сыналуы.

Дәрістің тезистері;

1. Болмыс – онтологияның орталық категориясы.

Дәріс мазмұнының 1-бөлімі бойынша тезистер

«Болмыс» ұғымының және болмыс жайындағы ілімнің (онтологияның) төңірегінде философияда ежелден бері және қазірде де қызу пікірталас болып келеді, өйткені дүниеге көзқарастық және методологиялық басты проблемалардың бірі болып табылады.

Болмыс проблемасының мәні неде? Не себепті көптеген философтар оны өздерінің философиялық ой - пікірлер жүйесінің негізгі мәселесі деп санайды? Не себепті құдайдың болмысы, яғни ол бар ма, әлде жоқ па? — деген сұрақтың төңірегінде ғылыми көзқарас пен діннің арасында ымырасыз күрес жүріп келеді? Осы және осы сияқты басқа да алуан түрлі сұрақтардың жауабын табу үшін болмыс ұғымының философиялық мазмұнын ашып көрсету қажет.

Болмыс бүкіл шындық дүниені қамтитын шегіне жеткен жалпы ұғым - философиялық категория болып табылады. **Болмыс** - дегеніміз дүниеде өмір сүретіннің бәрі: материалдық заттар да, құбылыстар мен процестер де, қатығыстар мен байланыстар да, яғни бәрі - бәрі. Тіпті адамның қиялы, ертек, аңыздар, ауру адамның сандырағы сияқты рухани өмір көріністері де болмысқа жатады. Болмыс сияқты философиялық категориялардың барлығы: материя, сана, сапа, сан, құбылыс, кеңістік, уақыт, себеп, салдар т.б. бәрі тілде сөздер арқылы тұжырымдалады. Философиялық категориялардың, оларды білдіретін сөздермен байланысы іштей қайшылықты: бір жағынан алғанда, көптеген ғасырлар бойғы сөйлеу тілінің практикасы философиялық категорияларға сәйкес сөздердің мән - мазмұнын жинақтап, олардың мағынасын түсіндіруге көмектессе, екінші жағынан алғанда, күнделікті сөйлеу тіліндегі сөздерді білдіретін философиялық категорияның, тек философия ғана анықтайтын ерекше мағынасы болатынын әрдайым естен шығармау керек. Сондықтан

философиялық «болмыс» категориясының мәнін түсіну үшін, оның өзіне ғана тән айрықша мазмұнын және күнделікті сөйлеу практикасымен байланысын ескерудің маңызы зор.

Түрліше нәрселер мен құбылыстар арасында байланыстар мен қатынастар бар екенін, болғанын немесе болатынын адамдар ғасырлар бойы байқай келе, олардың бәріне ортақ жалпы қасиетті бейнелендіретін «болмыс» деген жалпы ұғым қорытып шығарылды және болмыстың толып жатқан түрлерін танып білді. «Болмыс» категориясын философияға тұңғыш енгізгендердің бірі ертедегі грек философы Парменид болды.

Парменид болмыс туралы терең ой-пікірлер қозғаған. Ол: «Болмыс бар, болмыс емес жоқ» - деп кесіп айтты. Өйткені оның ойынша, «болмыс еместіні» тануға, білуге тіпті болмайды, оны сөзбен де айтып жеткізе алмайсың. Осыдан ой мен болмыстың өзара қатынасы келіп шығады. «Ойлау мен болу бір» дейді Парменид. Яғни, ойлау мен болмыс бір деген ұғым туады. Болмыс еместі жоққа шығара отырып, болмысты өзгермейтін, қозғалмайтын процесс деп қарады.

Ғасырлар бойғы дүние тану процесінде адамдар болмыстың мынадай негізгі формаларын танып білді:

1. Заттар (денелер) болмысы, ал бұлардың өзі біртұтас табиғат болмысы және адамның қолымен жасалған заттар мен процестер болмысы болып екіге бөлінеді;
2. Адам болмысы, бұл да заттар дүниесіндегі адам болмысы және таза адамдық болмыс болып бөлінеді;
3. Рухани (идеялық) болмыс, бұл жеке адамның рухани болмысы (идеясы) және объективтендірілген (жалпы адамдық) рухани болмыс болып жіктеледі;
4. Әлеуметтік болмыс, бұл жеке адам болмысы мен қоғамдық болмыстан тұрады.

Болмыстың бұл формаларын топтастыра келгенде, материалдық болмыс және рухани болмыс болып екі топқа бөлінеді. Осы екі болмыстың арасындағы қатынастан философияның негізгі мәселесі - руханидың (ойлаудың, сананың) руханидан тыс, тәуелсіз объективтік (материалдық) болмысқа қатынас мәселесі шықты.

Адам және адамзат болмысының елеулі принципті өзгешелігі, өзіндік сапалық мәні неде деген мәселеге келейік. Әрине, бұл болмыстың да табиғаттың көшпелі заттармен ортақ болып келетін маңызды өмір сүру белгілері бар. Бұл тұрғыдан алғанда, адам мен заттардың арасында зат, денелердің арасында дене деп қараудың еш себептігі жоқ. Кезінде кейбір материалистер мен жаратылыстанушылардың да осындай пікірде болғаны белгілі. Тек ескертетін жай, бұл көзқарас адамды «затқа», «объектіге» теңестірушілікке, оны қалай болса солай қуыршаққа айналдырғысы келген адамгершілікке кереғар пиғылдан аулақ болса ғана өзін ақтамақ. Бірақ болмыс туралы жалпы философиялық ілім үшін ең алдымен адам қалап өмір сүреді деген сұрақ төңірегінде ойлану әлдеқашан маңызды. Адам ең әуелі тіршілік иесі, нақты кісі ретінде, былайша айтқанда, «сүйек пен еттен жаралған пенде» есебінде өмір сүреді. Оның тәні, денесі - табиғаттың бөлшегі. Ол дүниеге келеді, тіршілік иесі есебінде іс - әрекет жасайды, мезгілі жеткенде өледі. Адам өмірі шектеулі, ол өйткені, болмыс иесі. Табиғаттың бөлшегі ретінде адамның бүкіл тіршілік әрекеті оның заңдылықтарын бұзбайды. Оған тамақтану, киім - кешек, жай күйі үшін өзінше жағдай жасау, ыстық - суықтан қорғану, табиғаттың түрлі өмірге қауіпті күштерінен сақтану т.б. қысқасы, тіршілігін қамтамасыз ету қажет. Сондай - ақ, ол табиғи түрлі тұқым қуалаушылық заңдарына бағына отырып, жаңа ұрпақтың өсіп - өрлеуіне себепкер болуға тиіс.

2. Болмыстың негізгі түрлері.

Дәріс мазмұнының 2-бөлімі бойынша тезистер

Философиядағы дәстүрлі болмыстың түрлері қалай бөлінеді. Олар қазіргі философия мен ғылымда қалай сипатталады? Болмыс түрлерінен «болмыс» категориясына материалистік, идеалистік, иррационалдық мән берілгені анықталады. Әдетте оларды талдау мақсатында бірнеше түрлерге бөледі, яғни «нақты» өзіндік «қабаттың» ерекше өмір сүруін ескереді.

1. Табиғат болмысы (материалдық құбылыстардың, заттардың процестері).

2. Әлеуметтік болмыс (тұтас қоғамдық болмыс және жеке топтардың, адамның болмысы).

3. Рухани болмыс: 1. субъективтік - жеке адам өмірінен бөліп алуға болмайтын болмысты, дербестенген дейміз; 2. объективтік - адамнан тыс өмір сүретін жасанды болмысты объективтендірілген дейміз. Болмыстың түрлерін тек тану мақсатында, талдауға оңтайлы болу үшін жіктейді. Олар тек абстракцияда, теорияда дербес болады, нақты жағдайда бір-бірінен бөлінбейді. Адам болмысы табиғи болмыспен де, рухани болмыспен де өзара қиылысады.

XX ғасыр философиясы мен ғылымы дәстүрлі сипаттамаға, негізгі болмыс түрлерін төмендегі жаңалықтар арқылы көрсетіледі.

Табиғат болмысы. Қазіргі замандағы дүниеге көзқарас үш негізгі табиғат сипаттамасына сүйенеді: жүйелік, әмбебаптық эволюционизм, өзінен-өзі ұйымдасуы. Табиғат болмысы бүгінгі философиялық ойлауда табиғаттағы жеке заттарды, субстраттарды емес, жүйелердің мәні, элементтерінің өзара әрекеті - тәсілдері талданады, яғни құрылымын зерттейді. Әлемнің «архитектурасын» бастапқы материал емес, жүйелік-құрылымдық ұйымдасуы анықтайды деп санайды. Атап, айтқанда, бұл - әлемнің, оның бірлігін және тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Табиғат болмысының қазіргі кездегі маңызды сипаттамасы, оның эволюциялық мүмкіндігінің мойындалуы. Ғылымдағы барлық белгілі табиғи жүйелер (XIX ғ, тек қана тіршілік иелері деп санаған) өзінің нәтижесінде эволюцияны көрсетеді. Бұл қорытындының бүкіл әлемге, біртұтас дүниеге қатысы бар. Эволюция феномені жергілікті емес, әмбебаптық.. Қазіргі кезде ең басты мәселе, өзін-өзі ұйымдастыру құбылысы ретінде қаралады. Яғни, спонтанды ретсіз жүйеден аса жоғары ұйымдасқан түрге өтуін зерттейді.

Әлеуметтік болмыс. Соңғы кезде бұл болмыс түрлерінің төмендегідей тенденциясы белгіленді: технологизациялау, институционализация, жаһандандыру, виртуализация, ақпараттандыру.

Бірінші тенденция. Әлеуметтік болмыстың құрамында техникалық құралдардың басым болуын, адамдардың табиғи ортаға бейімделуі және өзінің әлеуметтік өмірін реттеудегі рөлінің өсуін анықтайды.

Екінші тенденция. Қоғам өміріндегі ұйымдастыру және тәртіптеу дәрежесінің өсуінің айғағы. Субъекті әрекетінің рөлі көптеп әлеуметтік институттарға көшті.

Үшінші тенденция. Әртүрлі аймақтардың тәуелсіздігінің өсе түсуі, әлеуметтік кеңістіктің «тарылуы» әлеуметтік әрекеттің үлгісін бір ретке салудың қажеттігін көрсетеді. Соңғы тенденцияда - әлеуметтік болмыста кейбір жаңа болмыстың қабаты пайда болды, адамдардың белсенділігі соған қарай көбірек ауыса бастады. Әлеуметтің нақты құрамын заттар (жер қазынасы, энергетикалық күштер), ресурстар емес, қазір көбінесе ақпараттық кеңістік анықтайтынын көрсетеді. Ақпараттық сипаттың өсуі, әлеуметтік болмыс құрылымының өзін өзгертіп, ондағы материалдық емес бөліктердің мәнін мен үлесін көбейтеді.

Әлеуметтік болмыс қоғамдық қатынастарға байланысты. Жеке меншіктің мәні - әр адамның қабілетінің ашылуы, оның әлеуметтік жағдайының өзіне байланыстылығын анықтайды. Тәрбиенің мәні - әлеуметтікті іздеу, қандай қоғамның моделі жақсы деген мәселе қояды.

Рухани болмыс. Дербес субъективті және объективтендірілген деп бөлінеді. *Дербес рухани болмыс* - жеке кісілердің өмірлік тіршілігінен, қызметінен бөліп алуға болмайтын рухани болмысы, адамдар өз қарым-қатынасын анықтап, өз ойлары мен сезімдерін бағдарлайды. Оған: адамның тіршілігінде, қимыл-әрекетінде, істеген ісінде санадан пайда болатын нәтиже; ой елегі мен санадан өтпей дағдыға айналып, істеле беретін санасыз әрекеттер жатады. Санасыздықтың негізінде саналы процестің басталуы ақиқат. Сана мен санасыздың бірлігінде шығармашылық шабыттың келуі, ғылыми, философиялық және сезімтал-әлеуметтік қатынас пен процестердің көрініс табуы байқалады.

Рухани болмыстың объективтендірілуі: Әуелі белгілі бір ой, пікір, идея жеке адам санасында пайда болады. Адам тәжірибеге, білімге және қабілетінің мүмкіндіктеріне сүйене

отырып ой-пікіріне, идеясына материалдық сипат береді, яғни тіл арқылы өрнектейді, жоба жасайды, музыканы (ән-күйді) нотаға түсіреді, сурет салады, материалдық бұйым жасайды. Рухани жемісін қоғамдық практикаға қосады.

Тіл – дербестенген және объективтендірілген рухани болмыстың бірлігі. Тіл - қоғамды дамытушы, тарихты жалғастырушы және байланыстырушы, мәдениетті сақтаушы, ақыл - ой тірегі.

Болмыс – жан-жақты терең, ауқымды ұғым, болмыс тек материя ғана емес, сонымен бірге идея, дін. Ол субстанция ұғымымен тығыз байланысты. Субстанция өзіндік мән, бастама. Ол өзінің өмір сүруі үшін өзінен басқа ешнәрсеге мұқтаж болмайды.

Субстанция (лат. негізінде не жатыр деген сөз). Субстанция - монизм мен дуализм плюрализм болып үшке бөлінеді. Қандай да пікір сөз, дау болмасын, өмірдің негізінде не жатыр деген сұрақ туындайды.

Монистік (бір негіз, біреу) бастама идеалистік, материалистік болады. Монистік бастама идеалистік, яғни, дүниенің негізінде идея мен сана жатыр (Сократ, Платон, Аристотель Гегель). Монистік бастама материалистік, яғни оның негізінде материя жатыр (Фалес, Гераклит, Спиноза, Фейербах, Маркс, Энгельс, Ленин). Дүниенің негізінде сана мен материя қатар жатыр десек, онда бұл дуализм - Декарт, Кант и Юм.

Плюрализм (лат, pluralis) - көптік. Ол бірлікті жоққа шығарады, бірнеше және көптік пікірдің тәуелсіз, бір-біріне қосылмайтынын қолдайды, болмыстың көп негізі бар деп есептейді.

Неміс философы, экзистенциализм ағымын салушылардың бірі (бірақ, ол өзін экзистенциализмге жатқызбаған) **Хайдеггер Мартин** (1889-1976). «Болмыс пен уақыт» (1927) деген еңбегінде қазіргі замандағы болмыс әлемі - ол бір затсыз, тіпті адам жоғалтқан, шындықтың мистикалық бастамасы дейді. Ол болмысқа қарама-қайшы, алғашқы айтылған ойды бекерге шығара отырып, әртүрлі сипаттама және түсіндірме береді. Ол болмысқа ғылыми анықтама бермеді, тек кейбір маңызды жағын бөліп көрсетіп, экзистенциализмге сәйкес қарады. Хайдеггер: «болмыс зат, онымен біз қатынаста боламыз, бірақ, ол әлдебір тіршілік» - дейді. Тіршілік бар дейміз. «Болмыс ешбір зат емес, соған сәйкес ол ешқандай уақытша емес, сонымен бірге қатысушы ретінде бәрі-бір уақытпен анықталады». Болмыс пен уақыт бір-бірін өзара анықтайды, бірақ, солай болсада, біріншіден, ешбір болмысты уақытша ретінде, екіншіден, ешбір уақытты тіршілік ретінде қарауға болмайды. Хайдеггер: «болмысты рационалды тануға болмайды» деген пікірге келеді.

3.Материя туралы философиядағы және ғылымдағы түсініктердің эволюциясы.

Дәріс мазмұнының 3-бөлімі бойынша тезистер

Материя деген не? Бұл ұғымды қалай түсінуге болады? Материя (лат, material- зат, нәрсе, материал) Антика заманындағы грек философиясында заттардың түпкі тегі, белгілі бір бастапқы зат деген көзқараста орын алды. Су, От – материя - апейрон, бөлінбейтін субстанция–атомдар деп есептеледі. Жаңа дәуір философиясында, француз материализмінің өкілі Гольбах: «материя» дегеніміз біздің сезімге әсер ететіннің бәрі» - деді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында физика ғылымының саласында ашылған жаңалықтар: радиоактивтік құбылыстар, рентген сәулесі, электронның нақты өмір сүруінің дәлелденуі, электромагнит өрісі құбылысының табиғатын табу, арнаулы салыстырмалы теорияның ашылуы ескі көзқарасты түбегейлі бұзды. Бөлінбейді деп келген атом күрделі құрылым болып шықты. Оның өзі де ұсақ бөлшектерге ыдырады, үнемі қозғалыстағы бөлшектердің массасы да тұрақсыз, жылдамдығына байланысты өзгертінді анықталды. Микробөлшектердің табиғаты екіжақты, олардың әрі заттық, әрі өрістік (толқындық) қасиеттері бар жарықтың бөлшегі - фотонды затқа жатқызуға болмайды. Тыныштықтағы фотонның массасы жоқ, нөлге тең.

Осы жаңалықтарға байланысты ғылымда, оның ішінде физикада, күйзелістік жағдай туды, атомның бөлшектенуі материяның жоғалуы деп саналып стихиялық-материалист ғалымдар идеализмге, дінге бет бұра бастады. В. И. Лениннің «Материализм және

эмпириокритицизм» атты еңбегінде: «Материя дегеніміз – адамға оның түйсіктері арқылы мәлім болатын, біздің түйсіктерімізді тәуелсіз түрде бар бола отырып, сол түйсіктеріміз арқылы көшірмесі алынатын суреті түсірілетін, бейнесі жасалатын, объективтік реалдықты белгілеу үшін қолданылатын философиялық категория» - бұл айтылған материяның жаңа философиялық анықтамасы осы дағдарысты тоқтатуда ерекше рөл атқарды. Бұл анықтамада: материя дегеніміз жеке зат немесе оның бір қасиеттері емес, философиялық категория (тарихи өзгеріп отыратын ғылыми жалпы ұғым) екендігі айтылады, оның ең негізгі екі қасиеті - объективтік шындық ретінде өмір сүруі және міндетті түрде біздің сезімімізде көрінуі - бары айқындалды. Физикадағы дағдарыс материяның жоғалуынан емес, біздің ескі ұғымдарымыздың жарамсыз болып қалғандығын ғана дәлелдейді деді. Бұл анықтама соңғы жылдардағы барлық ғылыми жаңалықтарды қамти алды, сондықтан ол әлі де ескірудің нышанын білдірмейді.

Материя – объективтік шындық ретінде шексіз, мәңгі. Мәңгілігі жоғалмай бір түрден екіншісіне өтуімен дәлелденсе, шексіздігі элементарлық бөлшектердің күрделі құрылымы мен кеңістікке жайылған ғарыш денелерінің сансыз көптігімен дәлелденеді. Материя құрылымы жағынан да шексіз, екі қиыршық құм да бір-бірінен өзгеше болады. Материяның қазіргі замандағы құрылымы.

Өлі табиғатта: бұл физикалық вакуум (ауасыз кеңістік), элементарлық бөлшектер, өрістер, атомдар, молекулалар, макроскопиялық денелер, ғаламшар, жұлдыздар, галактика, метагалактика немесе тұтас әлем.

Тірі табиғатта: тірі табиғаттың құрылымдық деңгейлері, нуклеиндік қышқылдар, ақуыздар, жасушалар, көпжасушалық ағзалар, популяциялар (биологиялық түрдің деңгейі), биоценоз- (био және гр. *κοινος* –жалпы ценоз). Белгілі бір аймақта (құрғақ жер немесе су қойнауы) өмір сүретін және өз ара қалыптасқан қатынасы бар, қоршаған орта жағдайына бейімделген өсімдіктердің жиынтығы. Биосфераның жалпы дәрежесі.

Социумның (қоғам) дәрежесі: қоғамдағы өмірді ұйымдастыруда адам іс-әрекетінің (материалдық өндіріс, рухани өндіріс, ретуші жүйелер: саясат, құқық және мораль, әлеуметтік саладағы ішкі жүйелер ретінде өндіріс және адамның өзін өңдеуі) жүйесі мен ішкі психологиялық жүйесі анық көрінеді. Бұдан басқа, қоғамның құрылымдық дәрежесі және әлеуметтік қауымның табиғи-тарихи тайпа, отбасы, этностар, тұтас адамзаттың пайда болып қалыптасуы.

4. Қозғалыстың негізгі түрлері. Кеңістік пен уақыт – материяның атрибуттары.

Дәріс мазмұнының 4-бөлімі бойынша тезистер

Қозғалыс материяның ең негізгі қасиеті ретінде- кез келген өзара әсер, өзара байланыс, кез келген өзгеріс. Материя қозғалыстың арқасында өзін білдіреді, көрсетеді, т. б., бір түрден екінші түрге ауысып отырады. Қозғалыссыз материя жоқ, даму жоқ, сондықтан оны материяның өмір сүру формасы дейміз. Дамудың нәтижесінде жансыз -жандыға, жанды-жансыз материяға айналады. Осының бәрінде тыныштық сәті бар. Қозғалыс абсолютті, ал тыныштық оның бір сәттік тепе-теңдігі болады, ол салыстырмалы, себебі оның өзі де бір сапа деңгейіндегі қозғалыс. Материя қозғалысының өмір сүруі мен сапалық көп түрлері болады. Ф. Энгельс материя қозғалысының бес түрін көрсетті.

1. Механикалық қозғалыс дегеніміз - кеңістіктегі қозғалыс, орын ауыстыру.
2. Физикалық қозғалыс - электромагнитизм, гравитация, жылу.
3. Химиялық қозғалыс - атомдар мен молекуланың затқа айналуы, т.б.
4. Биологиялық қозғалыс - тірі организмдердің зат алмасуы.
5. Әлеуметтік – қоғамдық өмірдегі өзгерістер және ақыл-ой.

Қозғалыстың осы түрлерін анықтау, ғылымның соңғы ғасырда ерекше тез қарқынмен дамуына қарамай, өзінің философиялық маңызын жоғалтпай отыр. Микроәлемдегі қозғалыстар - элементарлық бөлшектер. Метаәлемдегі қозғалыстар - әлемдік механиканың классикалық заңға «бағынбаушылығының» ашылуы.

Қозғалыстың геологиялық түрлері, т. б. нақты ғылымдағы жаңалықтар, жәй және күрделі қозғалыстағы заттар мен құбылыстардың өзара байланысын бұрынғыдан да терең түсінуге мүмкіндікті көбейтіп отыр. Мысалы, әлеуметтік қозғалыс өз құрамында биологиялық, химиялық, физикалық, механикалық қозғалыстарды қамтиды. Олардың заңдылықтарының әсерін қабылдайды, бірақ өзі жаңа заңдылықтар туғызып «төмендегілерді» өзіне бағындырып отырды. Осыны дұрыс түсіну ғана бізді механистицизм, идеализм, және волютаризмнен сақтандырады.

Кеңістік пен уақыт та қозғалыс секілді материяның ішкі ажырамас қасиеттері, өмір сүру формалары болып табылады. Кеңістік пен уақыт санадан тыс, объективті өмір сүреді.

Субъективтік идеализм (Беркли, Юм, Кант, Маркс) пен уақыты жеке сананың мазмұнына тәуелді деп қарады. Кант: «Кеңістік пен уақыт санадан тыс объект ретінде өмір сүре алмайды» десе, Э. Мах «Кеңістік пен уақыты ретімен түзілген түйсіктердің жүйесі» - деп есептейді.

Материалистік философияда кеңістік пен уақытты адамдардың ойынан тыс, материяның объективтік түрлері деп қараған. Ғылым мен материализмде материя кеңістікте шексіз, уақыт жағынан мәңгі. Ол ешқашанда пайда болмайды және ешуақытта жоғалып кетпейді, ол әрқашанда болады, бар және бола береді. Кеңістіктің үш өлшемі бар: ұзындық, ені, биіктік. Бұл заттық түрлерге ғана емес, процестерге де тән. Уақыт қосылған соң дүниенің өлшемі төртеу болады. Уақыт бір өлшемді, ол заттық емес, өзгеру процесінің сипаты.

Материя қандай түрде және қандай күйде болсын, оның уақыттық қасиеттері бар. Материяның өзгеруі мен даму түрінде білінетін уақыттың айнымайтын белгілі бағыты болады. Ол өткеннен болашаққа қарай жылжиды. Өткенді өзгертуге болмайды және оған қайта оралуға да болмайды.

Қозғалыстың жоғарғы биологиялық және әлеуметтік түрлерінде кеңістік пен уақыттың сипаттары мәнді түрде өзгеше болады. Кеңістік пен уақыттың әлеуметтік түрлері, адамзаттың қоршаған ортаны өз іс-әрекетінде игеруде, одан ары дамыту барысында қалыптасады да, қоғамдық даму процесінде тарихи тұрғыдан өзгеріп отырады.

XX ғасырдың бас кезінде А. Эйнштейннің салыстырмалық теориялары философиялық болжамды - материя, қозғалыс, кеңістік, уақыттың үзілместей бірлігін - ғылыми түрде дәлелдеді. Осы төрт фактордың бірі өзгерсе, қалған үшеуі де сәйкес өзгеретінін көрсетті. Бұл күнделікті өмірде қалыптасқан, классикалық механика ілімінен дәстүр болып келе жатқан көзқарас: кеңістік - абсолютті өзгермейтін орта, онда қозғалыстағы, өзгерістегі материя өздігімен өмір сүре береді, уақыт та сондай абсолютті, процестердің өзгермейтін жиілік интервалының көрсеткіші - дегенді жоққа шығарады. Олардың өлшемі материалдық жүйелердің өзіндік ерекшеліктеріне, процестерінің желісіне тәуелді өзгеріп отыратыны бүгінгі ғарыштық ғылымдарда, микроәлемде күмән келтірмейтін факт есебінде қаралады.

5. Метафизика. Метафизиканың сыналуды.

Дәріс мазмұнының 5-бөлімі бойынша тезистер

Метафизика - терминін алғаш қолданған Аристотель. Сөзбе-сөз алғанда ол “физикадан кейін келетін” деген мағына береді. Аристотель оны “бірінші философия” деп атады; ол барлық ғылымдар үшін міндетті нәрселердің өзгермейтін және сезім мүшелерімен емес, оймен ғана пайымдауға болатын ең жоғарғы бастамаларын зерттейді. Ортағасырлық философияда метафизика теологияның философиялық дәлелдемесі ретінде қызмет етті. Мұсылман әлемінің ойшылдары әл-Кинди, әл-Фараби, ибн Сина, т.б. Метафизика ұғымын Аристотельдің ілімімен байланыстырып дамытты.

1920 жылдары метафизика логикалық позитивизмнен түбегейлі сынға ұшырады. Бұл сынның ажырамас бөлігі - мағынаны тексеру теориясы. Осыған сәйкес, кез келген мәлімдеменің мағынасы сенсорлық қабылдауға дейін азайтылуы керек; егер осындай тұжырымдар туралы ешқандай мәлімдеме көрсетілмесе, мұндай өтініш мағынасыз болып саналады. Атап

айтқанда, Құдай туралы барлық мәлімдемелер, әмбебаптар туралы, алғашқы себептері туралы, өздері бар физикалық әлем туралы, олар түсініксіз болғандықтан, мәнсіз деп санауға тиіс. Философияның міндеті метафизикаға сенгендей, әлемнің логикалық құрылымын құру емес, сөздердің мағынасын талдау. Логикалық позитивизмнің қарсыластары сезіммен қабылданатын нәрсеге шындықты азайту - негізсіз догматизм. Сезімдерді сандар, ойлау әрекеттері, әділдік тұжырымдары, теңдік немесе дөңгелектеу деп санауға болмайды.

Дәріс бойынша бақылау сұрақтары:

Жеңіл деңгей

1. Материяның негізгі атрибуттарын атаңыз?
2. Дүниенің материалдылығын сіз қалай түсінесіз?
3. Болмыстың негізгі формаларын көрсетіңіз.

Орташа деңгей

1. Субстанция, дүние бірлігі мәселелері. Дуализм мен монизм түсініктерінің мәні неде?
2. Қозғалыстың негізгі формалары, олардың қатынасы мен байланысын көрсет.
3. Кеңістік, уақыт, қозғалыстың материямен бірлігі неде?

Күрделі деңгей

1. Болмыс пен биболмыстың философиялық категориялары.
2. Хайдеггер философиясындағы болмыс пен уақыт мәселесі.
3. Болмыстың дәстүрлік түрлері және олардың қазіргі заман философиясы мен ғылымында сипатталуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Ғабитов Т. Философия. Оқулық. Алматы, «Заң әдебиеті», 2018.
2. Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2- том, Орта ғасыр философиясы: оқулық. Алматы, 2018.- 400 б
3. Темірғалиева Қ.А., Бәкірова А.Т. Философия: оқу құралы. Алматы, 2016.
4. Рысқалиев Т.Х. Философия тарихы:оқулық. Алматы, 2015.
5. Алтаев Ж., Қасабек А. Философия тарихы. Оқулық. Алматы, 2017.
6. Алтаев Ж., Қасабек А. Қазақ философиясы. Оқулық. Алматы, 2017.
7. Хрусталев Ю. М. Философия:учебник. 2015.

Қосымша:

1. Шадинова Г.А., Көлеген Г.Б. Философия негіздері. Оқу-әдістемелік құрал.– Түркістан: Тұран. 2018.
2. Қоңырбаева К. Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы. Алматы, 2013
3. Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: Әлеуметтік- мәдени негіздер. Монография. Алматы. 2013
4. Дайрабаева Г.Б., Шадинова Г.А. Ақпарат философиясы. Жоғары оқу орындарының магистранттарына арналған лекциялық жинақ. Түркістан, 2018
5. Философияның таңдаулы 25 кітабы Аударм.: Құранбек Ә., Рыскиева А.А. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018

WEB сайттар:

- 1.Кенни Энтони. Батыс философиясының жаңа тарихы, 1- том, Орта ғасыр философиясы. Астана, 2018. <http://rmebrk.kz/>
2. Жекебаева М.Ә. Философия. Оқу құралы. Алматы, 2018. <http://rmebrk.kz/>
3. Бондаренко Ю.Я., Зекрист Р.И. Философия. Учебно-методическое пособие. Шымкент, 2019. <http://rmebrk.kz/>
4. Шинтаева Ф.Е., Жуматаева Ж. Основы философии. Москва, 2013. <http://rmebrk.kz/>
5. Горелов А.А. Основы философии. Москва, 2013. <http://rmebrk.kz/>

